

**Шектеу іс-шараларын алу және Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 20 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 14 қыркүйектегі № 32 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 қыркүйекте № 7417 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Үрғыз аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушының 2020 жылғы 19 тамыздағы № 2-18/278 ұсынысы негізінде, Қызылжар ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Үрғыз ауданы Қызылжар ауылдық округінің Шеңбертал ауылына қарасты Басши қыстағында орналасқан "Ахмет" шаруа қожалығының аумағында мүйізді ірі қара малдарының арасындағы бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Үрғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 15 мамырдағы № 20 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7098 болып тіркелген, 2020 жылғы 18 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі Эталондық бақылау банкінде жариялаған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы Қызылжар ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қызылжар ауылдық округінің әкімі*

*М. Сейілханов*